# «Өзге елге қазақтың рухын танытқым келді»: Арқалықтық өнерпаз Ресей тележобасында өнер көрсетті

**Күні кеше Ресейлік танымал телеарнаның «Танцы на ТНТ» жобасында жерлесіміз өнер көрсетті. Мәскеудегі байқауда «Арқалықтан келдім» деп, өнерімен қазыларды тәнті еткен талантты жас – Мейрамбек ӘЖІҒАЛИЕВТЫ телефон арқылы құттықтап, байқау жайында сұраған едік.**




Мейрамбек ӘЖІҒАЛИЕВ би саласындағы алғашқы қадамын қаламыздағы «Ақбота» халық – би ансамблінде бастаған. Көпшілікке білікті ұстаз, дарынды шәкірттер тәрбиелеумен танымал – Ерсін ЖҮСІПОВТЫҢ шәкірті. – Шәкіртімнің Ресейде жақсы өнер көрсеткенін әлеуметтік желі арқылы көрдім. Мейрамбек өзі 4 сыныпта жүргенде биге қатысуды бастады. Биге икемі зор, еңбекқор бала болды. Осындай жетістікке жетіп отырғанына ұстазы ретінде қуанамын,- дейді Ерсін ЖҮСІПОВ .

Мәскеуде өткен «Танцы на ТНТ» тележобасына ТМД –нан 800 – ге тарта өнерпаз үміткер ретінде қатысыпты. Соның ішінен алғашқы кезеңге қатысуға мүмкіндік алғандардың ішінде жерлесіміз де болды. Мейрамбектің байқауға апарған биі де ерекше, ұлттық болмысымызды ашуға бағытталғаны көрініп тұр. - Байқауда Академияда оқып жүрген уақытымда билеген «Аңшының биі» деген шығарманы орындадым. «Тұран» этно – фольклорлық тобы бар. Солардың «Аңшылық» аталған композициясы болған, өзім режисерлік мамандығында оқып жүргенде дайындаған биім болатын. «Биле, Қазақстан!» жобасында да осыны билегем. Осы туындыны апарған себебім Ресейге қазақтың музыкасын, ұлтымыздың рухын көрсеткім келді. Деneme сурет салып, жаңа стильмен шықтым. Бұрынғыны қайталағым келген жоқ. Билеп болған соң қазылардың бірі Игорь ДРУЖИНИН: « бұл баланың көрсеткен элементтерін біздің ешқайсымыз жасай алмаймыз» деп күліп айтты, - дейді Мейрамбек ӘЖІҒАЛИЕВ.

Мейрамбек Арқалықта туғанымен қазір Алматыда тұрады. Сол жерде жеке би студияларын ашып, еңбек етіп жүр. Ал, байқауда «Арқалықтан келдім» деп туған жерін айтты. Мұны өзі туған жеріме деген құрметімнен деп түсіндірді. – Қазір Алматыда еңбек етіп жатқаныммен Арқалықта туып – өстім. Сонда ер жеттім. Сондықтан Арқалық халқына құрметімді білдіргім келді. Би әлеміне алғаш келгенімде тәлім берген Ерсін ЖҮСІПОВ ағайым болатын. Алматыға да Эстрада цирк колледжіне арнайы дайындап әкеліп оқуға түсірген сол ұстазым еді. Бүгінгі жетістігім тікелей Ерсін ағайымның арқасы деп білемін. Ұстазыма айтар алғысым шексіз,- деп ой бөлісті талантты жас.

Ерекше стильмен шыққан жерлесіміздің өнерін қазылар алқасы жоғары бағалап, байқаудың келесі кезеңіне өтті. Мейрамбектің алдағы байқаулардан да сүрінбей өтуіне тілектеспіз!

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ